



Бізден аулақ болғай...

Сәт сайын құбылған қазіргі заманда қауіп төне қалса жан сақтар бұрыш табу қиын болатын түрі бар. Украинадағы соңғы оқиғалар, Батыстың Ресейге қатысты қолданған санкциялары, әлемдік экономикалық дағдарыс пен байтақ жерді иеленуге ұмтылып, өздерін «Ислам мемлекетіміз» деп ашық айтып жүрген содырлар топтарының белсенділігінің арта түсуі әлемдегі бейбітшіліктің берекесін кетіріп қана қоймай, жер шарының әр тарабындағы елдердің бір-бірімен өзара тәуелді екенін де көрсетіп берді. Біз осы қатерлерді ескеруге тиіспіз әрі қауіп деңгейін дұрыс бағаламау соңы жақсылықпен аяқталмайтынын түсінуіміз қажет. Қалалық антитеррорлық комиссия аппараты жетекшісі Зинаида Әшімқызы Мұхамеджановамен арада болған әңгіме де осы жайында өрбіді.

- Зинаида Әшімқызы, осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстанда содырлар бой көрсетті. Осы орайда еліміздегі бүгінгі тұрақтылық пен тыныштықты қолына қару алып, адамдардың өміріне қатер төндірушілерге қатысты үкіметтің ұстанған батыл іс-әрекетінің нәтижесі деп айтсақ, қателеспеспіз, сірә. Соған қарамастан қоғамда әлі де секемдену бар сияқты, мәселен, қала тұрғындары бірнеше мәрте сауда үйлерінен қызметкерлері мен адамдарды эвакуациялаудың куәгері болды. Әйтсе де, дабыл жалған болып шықты, сонда біздің бекер қауіптенгеніміз бе?

- Қалалық антитеррорлық комиссия отырыстарында біз содырлар үшін осал болып табылатын нысандардың беріктігі мәселесін жиі қарастырамыз. Сонда қаладағы жағдай тұрақты болғанымен, сақтық әлі де қажет деген тұжырым жасаймыз. Кейбір кез-

де жағдайдың өзгеруіне қарай ұсақ-түйектің өзі қымбатқа түсуі әбден ықтимал. Сондықтан күдікті заттар байқалғанда адамдарды қауіпсіз жерге көшіру артықтық етпейді. Мұндай фактілерді адамдардың азаматтық жауапкершілігінің көрінісі деп бағалау жөн және алдағы уақытта да біз тап осылай іс-әрекет жасаймыз. Айтпақшы, мұндай жағдайда қауіпсіздік қызметтері мен құқықорғау органдарының анық та дәл нұсқамалары бар. Оған салғырт қарауға болмайды, ол құжаттардағы сөздер «жан жарасымен» жазылған.

Мысалы, заттың жарылғыш болуы мүмкін екенін білдіретін белгілері болады. Біріншіден, көлік, дүкен немесе баспалдақ алаңшасында қалдырылған кез келген белгісіз түйіншек, бөтен сөмке немесе портфель. Егер бұл заттардың иесі болмаса, онда бұл - дабыл қағуға белгі! Өрине, ең алдымен адамдардан немесе көршілерден өлгі заттың қайдан тап болғанын сұрастырып білу

керек. Иесі табылмады ма, онда дереу полицияға немесе төтенше жағдайлар қызметіне телефон шалу қажет. Содан соң арнайы қызметтер жеткенше бөгде адамдар ұстамауы үшін өлгі затты қоршап қою керек.

Дәл осындай жағдайда не істемеу керек екені айтылған нұсқамалар да бар. Табылған затты ұстауға, орнынан қозғауға, өз бетіңізбен жерге көмуге немесе суға лақтыруға әрекет жасауға болмайды. Мұндай әрекеттің жарылу не қопарылумен тынуы мүмкін. Сонымен бірге мамандар күдікті заттың қасында ұялы телефон, радио-электраппаратурасын қолдануға болмайтынын айтады. Бұл қауіпті болуы ықтимал.

- Былайша айтқанда, қауіптің шынайы, ал жарылыстың болуы әбден мүмкін екенін сезіну жөн демексіз ғой.

- Дәл солай. Тіптен, әрбір жауапты адам бүгінгі күні, Жаратқан иеміз басқа сала көрмесін, жарылыс орын ала қалған жағдайда не істеу қажеттігін білуі тиіс. Өз өміріңіз немесе басқа біреудің өмірі осындайда сауатты іс-қимыл жасай білуіңізге тікелей байланысты.

Сонымен, жарылыс орын алған жағдайда сіз есіңізді жоғалтпаған күйі өрт пен түтіннен басыңызды ала қашып, кері қарай жүгіресіз. Егер жолыңызда өрттен зардап шегушілер кездесе, бірден тамыр соғысын тексеріңіз. Адамды орнынан қозғауға немесе оның есін жиыдыруға әрекеттенбеңіз. Адамның естен тануы ағзаның күресіп жатқанын білдіреді. Артериалды қан кеткен жағдайда /егер қан тоқтамай атқыласа/ жараны саусақпен жауып, жараның жоғары тұсын қатты таңып тастаңыз.

Егер қатты жарылыстан шашыраған сынықтардың астында қалсаңыз, еңсеңізді түсірмеңіз. Бірқалыпты тыныс алып, дауыс беріп немесе тарсылдатып дыбыс беріп, көмекке шақырыңыз. Отты

жақпай, оттегіні сақтаңыз. Төбеңізді мұқият қадағалаңыз, тағы да құлап кетпесін, ең дұрысы, басқа жерге орын ауыстырғаныңыз жөн. Мұндайда еппен қимылдау керек. Ешқашан бақырып-шақырмаңыз, құтқарушылардың келетініне сенімді болыңыз.

- Шынымды айтсам, жоғарыда келтірген ережелер тым әсірелеу болып көрінуі мүмкін, өйткені біздің оқырмандарымыздың дені қысылтаяң кезде дәл осылай әрекет етер едім деп ойлауы ықтимал ғой...

- Бұл жерде мына мәселеге айрықша назар аудару керек, үйде отырып газет оқу бір басқа, ал адамдар жаны қысылғанда өзін мүлде басқаша ұстайды. Сондықтан емін-еркін отырған кезде ережені оқып-үйрену адамдарға артықтық етпейді. Қайталап қана қоймай, қауіпсіздік ережесін балалары мен туған-туыстарының санасына сіңіруі қажет. Өмір - болжаусыз. Сондықтан мен қала тұрғындарын әрдайым сақтанып жүруге, абайлап жүруге шақырамын. Қоғамдық көлікте, үйлеріңіздегі далада немесе жұмыста жүрісі сөзікті бөтен адамдарды, күмән тудыратын бөгде заттарды назарларыңыздан қалт жібермеңіздер! Үйлеріңізде де бейқам отырмай, темір есік, домофон орнатып, үйдің, жертөленің, шатырдың есіктері құлыпқа жабылды ма, тексеріңіздер, ең бастысы, қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіздер. Бөгде біреудің затын өз үйіңізде сақтауға келісім бермеңіз. Балаларды көшеде бөтен адамдармен сөйлеспеуге, иесіз жатқан заттар мен ойыншықтарды алмауға, бейтаныс адамға есікті ашпауға үйретіңіз.

Осы айтылған мәселелерді жадыңызда мәңгі тоқыңыз, негізінде бүгінгі мақалада қозғалған жай біздің басымыздан өтпеуін тілейік.

Н.Н.